

Рухани қайраткер, ғибратты ғұлама

(Жалғасы. Басы өткен сандарда)

Мен институтқа келген жылдан бастап, ағылшын тілі және философия курстарына қатысып жүрген болатынмын, пән мұғалімдері менің сабақтардың бірде-біреуін жібермей қатысып жүретініме және дайындалып келетініме риза болатын. Сол мұғалімдерге емтихандарды оңай тапсырдым, ал мамандық бойынша емтиханды Евней Арыстанұлы, Геннадий Владимирович және Марк Залманович қабылдады. Бір аптаның ішінде емтихандарды түгел тапсырып, менің аспирантураға қабылданғандығым туралы бұйрық көшірмесін өз ауданымының әскери комиссариатына өткізіп, таза ғылыми жұмыстармен шұғылдануға толық мүмкіншілік алдым.

Сөйтіп, ұстазым Евней Арыстанұлы мені бір жыл әскер етіпін киіп, бос уақыт өткізімінен аман алып қалды. Евней ағам мен үшін бір-екі сағат телефонмен басқаларға өтінішін айтып жатқанда, мен үшін ұстазымының отқа да, суға да түспеуі дайын екендігін көрдім. Осындай ұстаз берген Құдайға рахмет! «Евней аға, абыройыңыз өсе берсін, Құдайым сізді қолдасын!» деп іштей тілегімді білдірдім.

Әскери комиссариатқа барып құжаттарымды өткізіп келгеннен кейін Евней ағам келіп, рақметімді айттым, адал шәкірті болып, еліміздің ғылымына бүкіл күш-жі-

герімді аямай жұмсайтындығым туралы уәдемді бердім.

— Әбуали, мен қолымнан келген мүмкіншіліктердің барлығын жасаймын, сенен үлкен ғылыми табыстар күтемін, оған жетіңіңе күмәнім де жоқ, — деп мені құшақтап, арқамнан қақты. Ол кісінің бұл тілектерін маған берген батасы деп түсіндім. 1976 жылы Евней ағаның «Атан қонында тұған адам» деген кітабы шыққан кезде де осыған ұқсас тілегін, осы кітаптың алғашқы беттеріне жазып бергені бар.

Евней аға мені жақсы көріп кетті, кейде ешқандай себеп болмаған кездерде де маған анда-санда жатақханаға телефон соғып:

— Әбуали, үйге келіп кет, тамақ бір сағаттан кейін дайын болады, бірге тамақ ішейік, сөйлесейік, — дейді.

Мен үйленгенге дейін жазғы демалысқа жанұясымен санаторийге немесе басқа жерлерге кеткенде мені үйіңде қалдырып кететін. «Әбуали, профессордың үйінде тұрып үйренсе бер, менің профессорлығым, докторлығым және де басқа жетістіктерім саған жұғысты болсын!» — деп әзілдеуші еді.

Евней ағаның төрт бөлмелі үйінде бір өзім қалғанда алғаш кезде елегізіп жүрдім. Жатақханада у-шұға үйренгенім ғой. Бір күні кабинетіндегі кішкене тақтаға жатып ұйықтадым. Сонда мынадай түс көрдім: Қарағандыдағы орталық универмагтың ал-

дынан алғаш рет жердің астынан адамдар өтетін жол салынған еді. Түсімде сол жердің астындағы жол арқылы Абай Құнанбаев, Евней аға және мен үшеуіміз келе жатыр едік, бір есуас адам келіп Абайдың жағасынан алып, сілкілей бастады. Ол Абайдан кейін Евней ағаны және мені жұлқылайтын түрі бар. Мен де ол есуастың жағасына жабысып, «әй, сен не істеп тұрсың, бұл қазақтың ұлы Абайы ғой!» деп шыр-пыр болып жатқанда оянып кеттім. Әбден терлеппін, зал салқындау шығар деп, сол жаққа барып жатып, ұйқымады жалғастырдым. Кейін бір өте абыройлы ақсақал кісіге осы түсімді калай жоруға болады дегенімде, ол кісі ойла-нып тұрды да:

— Сендердің үшеулеріңнің тағдырларыңда о дүниелік болған кезде ұқсастықтар болады. О дүниелік болғанда деп отырғаным, сендер жердің астында жүрдіңдер. Ол ұқсастықты мен былай түсіндірер едім: Абайдың бүкіл ұлылығы, дарындылығы қайтыс болғаннан кейін мойындала бастады. Евней Арыстанұлы да бүкіл өзіне лайықты абыройына қайтыс болғаннан кейін толық ие болады. Ал сенің тағдырың да осы ағаларыңа ұқсас болайын деп тұрған сияқты...

Сол кезде Евней ағаны жиі қонаққа шақыратын, ал Зұбайра апайымыз қонаққа баруды онша жақсы көрмейтін, оның үстіне жиі ауырып қала беретін. Евней аға бұндай кезде өзімен бірге бір-екі аспиранттың қонаққа ертіп апаратын. Қонаққа шақырған үй иелеріне:

— Бұлар менің аспиранттарым, болашақ ғалымдар. Сендер бұларды танымаған соң, әрине қонаққа шақыра қоймайсыңдар. Бұл жігіттерді сендердің дәмдеріңді татып кетсін деп әдейілеп ертіп келдім, кейін бір кездерде бұлар белгілі ғалым болғанда, біздің үйде болып кеткен деп мақтануларыңа мүмкіншілік жасап отырмын, — деп өзі де күліп, өзгені де әдемі күлкіге кенелтетін.

Өзінің аспиранттарын өзін шақырған жерге бірге қонаққа ертіп апару Евней ағаның әдеті болып кеткенінің мәні тереңірек жатса керек: жастар барған жерде қызық әңгіме естіп, өз ой өрісін кеңейтсін, жақсы өнеге көрсін, көпті көргендерден жақсы қасиет дарытсын десе керек... Бұл да асқан кеменгерлік!

Қорытындысында айтқым келетіні, Евней ағаның біздерге жасаған қамқоры, айтқан ақыл-кеңестері, бізбен жасаған қарым-қатынастарының аясында байқалған адамгершілігі, ізеттілігі — осының бәрі өзінің жемістерін әкелді. Бұл күндері Евней ағаның аспиранттарының барлығы дерлік ғылыми докторлары, профессорлар, академиктер, Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаттары, тағы да басқа атақтарға, лауазымдарға ие болып, тәуелсіз елімізге қызмет етуде.

Әбуали БАЕШОВ,

Химия ғылымдарының докторы, профессор, ҰЖҒА академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, академик Е. А. Бөкетов атындағы сыйлықтың лауреаты, ҚР еңбек сіңірген өнерпақышы

«Ақыл-ойдың ағасы»

Жер бетіндегі әр мемлекет ғалымын, ұстазын, батырын ұлықтайды. Оның есімін келер ұрпақ жадында сақтап, ұлы істерінен үлгі алатындай өз тарихына алтын әріппен жазады. Тарихтың парағы ерлік істерге толы, сол ерлікті жасаған батырлардың есіміне толы. Сол тарихтың парағында халқына зор еңбек еткен Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтің есімі де ерекше жазылған.

Осы жыл біз үшін ерекше. Қазақ хандығына — 550 жыл, Ата заңымызға — 20 жыл, Ұлы Жеңіске — 70 жыл және киелі қара шаңырақ ҚарМУ-дың негізін қалаған тұңғыш ректоры, химик, металлург, жазушы, техника ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ебіней Арыстанұлы Бөкетовке — 90 жыл. Осы айту-

лы даталар мемлекетімізде жоғары деңгейде аталып өтуде.

2015 жылы Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтің 90 жылдығына орай ұйымдастырылған мерекелік шаралар аз болмады. Шаралардың басым бөлігі ғұлама ғалым, тұғырлы тұлғаның аты берілген Қарағанды мемлекеттік университетінің қабырғасында өтті. Сол айтулы шаралардың бірі әрі бірегейі — «Ақыл-ойдың ағасы» атты театрланған студенттік қойылым. Қойылымның негізгі мақсаты — студент жастарға Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтің ғылым шыңына шығу жолында түрлі қиындықтардан өткенін, қазақ халқы үшін қандай ерен ерліктер жасағанын сахнаның құдіретімен жеткізу болды. Қойылымды студенттер, университет қызметкерлерімен қатар көптеген құрметті қонақтар да тамашалауға келді. Қойылымның бір ерекшелігі, онда ешқандай да кәсіби актерлер ойнаған жоқ. Барлық рөлді университетіміздің табиғатынан актерлік қабілет-



ке ие ұстаздары мен қызметкерлері және студенттері сомдады. Қойылымның сахнаға шығуына киелі қара шаңырақтың басшысынан бастап ұлықтаған барша ҚарМУ ұжымы бір кісідей атсалысты.

Рөлдерде ойнағандар: Е. А. Бөкетовтің жас кезі — философия және психология факультетінің 4 курс студенті Бегарыс; Е. А. Бөкетовтің есейген шағы — филология факультетінің деканы, филология ғылымда-

рының докторы, профессор Мұхамедқали Илиясұлы Әбуов; Анасы — Студенттер сарайының көркемдік жетекшісі Гүлден Талғатқызы; Қаныш Сәтбаев — филология ғылымдарының кандидаты, доцент Елдос Ергазыұлы Түйте; Студент, аспирант жастар рөлінде — филология, экономика, философия-психология факультетінің студенттері.

Ерік НАРЫН, ҚарМУ студенті

Сәкентану ғылыми орталығы ашылады

ҚарМУ-дың қара шаңырағы филология факультетінің ұйымдастыруымен «Сәкен — сұңқар, Сәкен — аңыз» атты әдеби кеш өтті. Ақын Сәкен Сейфуллиннің сыршыл лирикасының табиғатын танытып, сезімтал, адамгершілік қасиеттердің дамуына ықпал етуді мақсат еткен әдеби кеш ҚарМУ концерт залында ұйымдастырылды.

Байқау үш номинация бойынша өткізілді: Сәкен поэзиясын жатқа оқу; Сәкеннің прозалық шығармаларынан үзінді оқу; Сәкен шығармашылығына арнау өлең. Бұл үш номинация бойынша филология ғылымдарының докторы, профессор, филология факультетінің деканы Мұхамедқали Илиясұлы, филология ғылымдарының докторы, қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры Жандос Қо-

жаметұлы, филология ғылымдарының докторы, қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры Берік Серікбайұлы, еңбек ардагері Жайлыбай Әліп, филология ғылымдарының докторы, профессор, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі Жансая Жанғазыұлы төрелік етті.

Дәл осындай байқаулар арқылы жастарымызды тәрбиелейміз әрі ұлтымыздың ұлыларын ұлықтаймыз. Сайыстың аты сайыс. Оза шапқандар да, бабы келіспей сүрінгендер де болды. Таланттымен, өнерімен дүйім жұртты сүйсіндіріп, баурап алған ең жас қатысушы Медет Назира С. Сейфуллиннің «Ақсақ киік» өлеңін залдағы әр көрерменнің жүрегіне жеткізе оқыды. Бірақ Назира жарысқа сайыскер ретінде емес, кештің кішкентай қатысушы қонағы ретінде келді.

I номинация — Сәкен поэзиясын мәнерлеп, жатқа оқудан 3 орынды Н. Момынқан, 2 орынды Е. Дүйсенбаев, 1 орынды Т. Нұридиннова иеленді, сонымен қатар қазылар кішкентай Н. Медетті үздік деп тапты. II номинация — Сәкеннің прозалық шығармаларынан үзінді оқу бойынша «Айша» әңгімесінен үзінді оқыған А. Қарақұлова 3 орын, «Жұбатудан» сыр шерткен А. Аманбекке 2 орын, А. Нұртайға 1 орын бұйырды. III кезең — Сәкен шығармашылығына арнау өлеңді жақсы жазған деп қазылар алқасы 3 орынды М. Ермаханованың, 2 орынды



Қ. Дүйсенбайдың, 1 орынды П. Жаңғылшбаеваның қанжығасына байлады. Осылайша әр қатысушы өз биігінде өнер көрсеткен немесе «әттеген-ай» деп көрерменге сәл жетпей қалған жарыс кезеңдері осымен аяқталды.

Кеш барысында сөз алған филология факультетінің деканы М. Әбуов, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі Ж. Жарылғапов филология факультетіне ҚарМУ ақсақалдар ұйымынан хат келіп түскендігі жайлы, ол хатта қазақ халқының біртуар ұлы Сәкен Сейфуллинге арналған ұйым ашуда деген ұсыныс айтылғандығын атап өтті. Осы ұсынысты қабыл алып, «Балауса» арнайы студенттер ұйымы тәрізді бір ұйым ашуды жөн көретіндіктерін жеткізді. Яғни, келешекте факультеттің жанынан Сәкентану ғылыми орталығы ашылмақшы. Бұл таза танымдық қана емес, ғылыми бағытта зерт-

тейтін орталық болмақ. Бұл қуантарлық, құптарлық бастама.

Сәкентану ғылымына өз үлесін қосып жүрген еңбек ардагері Жайлыбай Әліп: «Сәкеннің өз биігі өзіне жетеді, басқамен шатастырмау керек!» — деп, қазақ поэзиясының Альбатросы — Сәкен Сейфулинді осылайша бағалап берді. Сөз арасында қатысушыларға кеңес бере отырып, бұл бастамаға құттықтау сөз арнады.

Иә, қазақтың Сәкені — халқымыздың рухани қазынасын байытқан айтулы тұлға, жыр сұңқары, оза шапқан тұлпары. Сәкен қасиетті де қасіретті, саналы тұмырын сан алуан күреспен өткерген тұлға. Сәкенді танып білу бүгінгі ұрпақтың алдына қойылған үлкен міндет!

Баян АБДИКУЛОВА,

Журналистика бөлімінің 1 курс студенті

